ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 08 қараша №2301-24-00-2/3071 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Алия Кайратовна Оразалина

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Н.Муратов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 04 сәуірде және 2024 жылғы 16 сәуірде тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №209, №269, №282 келісім-шарттарға (келесіде - шарт) қол қойған.

Шарттар бойынша жауапкер талап қоюшыға газ талдауыш үшін түтік, ампуладағы фторид-иона жеткізу қызметін тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. Шарттар бойынша тауарларды жеткізу туралы өтінімдер 2024 жылғы 28 тамызда жолданған. Бұндай жағдайда міндеттемені орындау мерзімі 2024 жылғы 17 қыркүйегіне дейін.

Талап қоюшы сотта жеке кәсіпкер Алия Кайратовна Оразалинаға талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде - шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Н.Муратов талап қоюды қолдап, жауапкер тауарларды жеткізбегенін, жағымсыз салдарының бар екенін, телефонын көтермейтінін көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде - АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде - АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талаппен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен 2024 жылғы 09 қазанда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы»

Құжатқа қол қойылған Саудабаев А.Б., 12.11.2024

301-24-3-1/3327

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер Алия Кайратовна Оразалинаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Алия Кайратовна Оразалина мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Алия Кайратовна Оразалинадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 12 қарашада шығарылды.

Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « 17 » желтоқсаны енді.

Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А.Б., 12.11.2024

301-24-3-1/3327